

Бодыкова А.А., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, филологический факультет, гр. МҚЯЛТ-51, магистрант
(Научный руководитель — к.ф.н., профессор Рапишева Ж.Д.)

КӨПЭТНОСТЫ ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА КӨПТІЛДІ ЖӘНЕ ПОЛИМӘДЕНИ ТҮЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Белгілі бір тілді тұтынушы адам ұлттық тілдің, ұлттық мәдениеттің де тұтынушысы, жасаушысы, иесі болып табылады. Сондықтан ХХІ ғасырдың тіл ғылымында тілді тұтынушы адамға, шығармашылық тұлғаға деген қызығушылық күшейіп, қазіргі таңда жаңаша зерттеулердің өзегіне айналды.

Тілдік тұлға ұғымы тұлғаның жеке дара сана-сезімі, дүниеге көзқарасы мен тілдің өзара байланысын білдіреді. Кез келген тұлға өзін және өзінің субъектілігін заттық іс-әрекеті арқылы ғана емес, сонымен қатар тіл мен сөйлеусіз жүзеге асырылуы мүмкін болмайтын қарым-қатынас арқылы да көрсетеді. Адамның сөзі оның ішкі әлемін танытады, оның тұлғалық қасиетін танытатын мәлімет көзі қызметін атқарады. Сөзге құндылық сипат беру, бере алмау қабілеті тілді қолданушының ішкі дүниесінің дәрежесіне байланысты.

Жеке тілдік тұлғаның ұлттық болмысын ашудың маңыздылығы туралы ғалым Ж.А.Манкееваның пікірлеріне жүгінсек: «Белгілі бір тілдік тұлғаның шығармашылық танымдық мазмұны дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесінен тұрады. Сондықтан тілдік тұлғаны алдымен ұлттық тілдік тұлға ретінде түсінеміз. Себебі тілдік тұлға табиғаты тұлғаның ұлттық мәдени сатысымен тікелей байланысты» [1, 281] болып шығады.

Демек, **алғашқы тілдік тұлға (бірінші)** өз мәдениетінде әлеуметтендіру шеңберінде қалыптасады (әлеуметтанудағы әлеуметтендірудің бұл түрі әлеуметтанушылардың алғашқы әлеуметтендіруі деп аталды). **Екінші тілдік тұлға** шет тілін оқыту үдерісінде қалыптасады, онда бөтен тіл мен бөтен мәдениет (әлеуметтануда бөтен мәдениетті меңгеру, өз және бөтен мәдениеттердің тілдік санадағы өзара қарым-қатынасы билингв аккумуляция түсінігімен сипатталады) меңгеріледі.

И.И.Халеева ұсынған екінші тілдік тұлға моделі – екінші тілдік тұлға адамның мәдениетаралық деңгейде қарым-қатынас жасау қабілеті ретінде анықталады. Бұл қабілет оқылатын тілдің вербалды-семантикалық кодын, яғни сол әлемнің тілдік бейнесін «әлемнің жаһандық суретін» меңгеруден құралады [2, 168].

Екінші тілдік тұлға мәселесі соңғы жылдары қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту мәселесіне қатысты зерттеулерде көтеріле бастады. Ересектерге, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді үйретудегі тілдік тұлға мәселесіне қатысты ғалым Б.Хасановтың «Мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы және тілдік орта» атты еңбегін атауға болады. Ғалым: «Мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы – нақты білім мен түсінік жиынтығын меңгерген, мемлекеттік қызметте өзін сөйлеу іс-әрекетімен танытатын тұлға», – деп атап көрсетеді [3, 99].

Толыққанды тілдік тұлғаны қалыптастыру үшін оның тіл туралы ғана емес, сондай-ақ ұлттық мәдениет, психология және сипаты туралы түсінігін қалыптастыру қажет.

Ұлттық (ана) тілді ғана емес, оның мәдениетін де тасымалдаушы болып табылатын тілдік тұлғаны **бірінші/бастапқы/алғашқы** немесе **ұлттық тілдік тұлға** деп атауға болады. Кейбір жағдайларда, әсіресе, Қазақстан, Ресей сияқты көпұлтты қоғамда функционалдық негізгі тілдер біреуден артық болуы мүмкін (ана тілі мен орыс тілі). Мұндай жағдайда адам сол және басқа тілді бірдей дәрежеде меңгерген, бұл тілдердің ана тіліне және екінші тілдерге бөлінуі өте күрделі етеді: екінші тіл материалдық және рухани орыс мәдениетімен, оның мәдени тұжырымдамаларымен, әдет-ғұрыптарымен және т.б. ана тілімен бірдей меңгеріледі, яғни тілдік тұлға оқытылатын екінші тілдің вербалды-семантикалық кодын (тіл тасымалдаушылар әлемінің тілдік және тұжырымдамалық суреттерін) меңгеруден құралады. Мұндай тілдік тұлғаны біз **екінші тілді тұлға** деп айта аламыз және оған анықтама бере аламыз: екінші тілдік тұлға – екінші тілде мәдениетаралық деңгейде қарым-қатынас жасауға қабілеттілігінің жиынтығы бар тұлға [4, 38].

Сонымен, басқа тілдің вербалды-семантикалық кодын, яғни сол тіл әлемінің тілдік бейнесін және адамға жаңа әлеуметтік шындықты түсінуге мүмкіндік беретін әлемнің тұжырымдамалық суретін меңгерген тұлғаны екінші тілдік тұлға деп санауға болады.

Э.Д.Сүлейменованың айтуынша, кеңестік кезеңде Қазақстанда қостілділіктің дамуы «көптеген жылдар бойы қостілділік кезінде ана тілін сақтау, алмастыру және жоғалту бүркемеленіп келді. Керісінше, орыс тілімен байланыста болатын тілдерді байыту міндетіне ерекше көңіл бөлінді. Қостілдіктің әлеуметтік-қызметтік талдауы көбінесе тілдік түсінік пен ұлттық сана-сезім сияқты өте маңызды факторлардың есебінсіз жүзеге асты» [5, 57].

Осы мәселені арнайы зерттеген профессор Б.Хасанов «Қостілділік адамдардың рухани жағынан өсуіне жағдайлар жасайды. Адам үшін қостілділік – ойын жеткізу, шындықты тану құралы болумен бірге көпұлтты қоғамда қарым-қатынас жасау құралы да; бұл жерде оның негізгі компоненті (ана тілі) ұлттық компонентін сыпаттаса, басқа компоненті (екінші тіл) әртүрлі ұлт өкілдерін тану, басқа халықтардың мәдениеттерін игеру құралы болады. Қостілділіктің адамның үйлесімді дамуындағы рөлі орасан; өйткені, ол көпұлтты қоғамда жан-жақты дамудың және де өзін танытудың аса маңызды құралы» деп жазады [3, 12-13].

Еліміздің әлемнің дамыған елу мемлекеті қатарынан орын алуы үшін бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған жас ұрпақты қалыптастыру мәселесі алға шығып отыр. Өйткені тек бәсекеге қабілетті азаматтар ғана Отанымыздың тұрақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігіне өз үлесін қоса алады. Адамның өзін-өзі ұстау мәдениеті мен өзгелермен қарым-қатынас жасау мәдениетін болашақ ұрпақ бойында қалыптастыруды білім беру үдерісі мен өз құқығын қорғай білетін сауатты тұлғаны тәрбиелеу үдерісінен бөліп қарастыруға болмайды.

Жаһанданудың барынша қанат жая түсуімен бірге тіл империализмі де күшейіп, қостілділік пен көптілділік басқаша сипат алып келеді. Сондықтан да, қостілділікке, «үш тұғырлы тілге» барынша назар аударылуда.

Қазіргі таңда Қазақстан қоғамында *үштілділік* саясаты жүргізілуде, ол қазақстандықтардың қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруіне бағытталған.

«Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс, – деп Елбасы бірнеше рет айтып өткен болатын. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға сәтті кіру тілі» (Н.Ә.Назарбаев).

Жаһандану мен интеграция заманында қазақ тілімен қоса көп тілді жеткілікті дәрежеде меңгеру және білім мен ғылымның барлық саласында білікті болу біздің жаңарған қоғамымыздың көрсеткіші болып отыр, себебі соңғы уақытта Қазақстан үштілділіктің әлеуметтік кеңістігіне айналууда.

Полимәдениеттілік – білім беруді мәдени плюрализм, қоғамды құрайтын барлық этникалық және әлеуметтік топтардың тең бағалылығын және тең құқылығын мойындау, адамдардың ұлт немесе дін тиесілілігі, жынысы мен жасы белгілері бойынша жіктеуді болдырмау ұстанымында құру. Білім беру жүйесінің түпкілікті модернизациялану үрдісінде шетел тілдері де алдыңғы қатарлы рөл атқарады. Үштілді білім беруге ұмтылу Еуропалық кеңес елдер тенденцияларына толыққанды сәйкес келеді [6, 15].

Ресей лингвистикасында тілдік тұлғаның барлық түрлері зерттелген, атап айтсақ: *русская/орыс* (Ю.Н.Караулов), *коммуникативная личность/коммуникативті тұлға* (В.П.Конечная), *языковая и речевая личность/тілдік және сөйлеу тұлғасы* (Ю.Е.Прохоров, Л.П.Клобукова), *словарная языковая личность/сөздік тілдік тұлға* (В.И.Карасик), *орфографическая языковая личность/орфографиялық тілдік тұлға* (Н.Д.Голев), *этносемантическая личность/этносемантикалық тұлға* (С.Г.Воркачев), *элитарная языковая личность/элитарлы тілдік тұлға* (О.Б.Сиротина, Т.В.Кочеткова), т.б.

Сонымен қатар, қазіргі тіл білімінде көпэтносты және полилингвалды қоғамдағы жаппай түрдегі тілдік тұлғаны қалыптастыру мәселелері, сондай-ақ бүгінгі таңда Қазақстан мектептері мен жоғары оқу орындарының оқу дискурсында дамитын тілдік тұлғаның типологиясы мәселелері жеткілікті түрде терең әрі жан-жақты зерттелмеген.

Кенжебекова И.О. [7], Жумагулова Е.В. [8], Жумагулова Н.С. [9] сияқты зерттеушілер қазіргі білім беру үдерісіндегі жаппай типті (немесе түрдегі) *еуразиялық тілдік тұлға мәселесін (евразийская языковая личность массового типа)* көтеріп жүр.

Біз жаппай түрдегі еуразиялық тілдік тұлға деп кемінде үш тілде – мемлекеттік тілде, ұлтаралық қатынас тілі мен халықаралық қарым-қатынас тілінде тіл, сөйлеу және мәдени құзыреттілікке ие тұлғаны түсінеміз. Қазіргі Қазақстан үшін мұндай тілдер **қазақ, орыс және ағылшын** тілдері болып табылады. Қазақстанның оқу дискурсының полиэтникалық және полимәдени кеңістігінде қалыптасатын *жаппай түрдегі тілдік тұлға* мәселесінің лингвомәдениеттану тұрғысынан бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар. **Көпшілік мінтегі тілдік**

тұлғаны қалыптастыру үдерісінде сөйлеу мәдениетінің нормативтік аспектісін үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде едәуір арттыру; тілдің негізгі коммуникативтік сапасын меңгеру және тілдік өзара қарым-қатынас пен паралингвистикалық мінез-құлық үдерісінде оларды ескеру, білім алушылардың сөйлеу этикетінің жалпы қабылданған нормалары мен түрлерін қалыптастыру қажет.

Бұқаралық түрдегі тілдік тұлға келешекте үш тілдің функционалдық үндесуін меңгеруді қажетсінеді, осы коммуникативтік жағдай үшін оңтайлы сөйлеу құралдарын таңдау мен ұйымдастыруға елеулі әсер ететін қарым-қатынастың прагматикалық жағдайларына бағдарлануы тиіс.

Қазақстанның қазіргі заманғы лингвистикалық ортасы біркелкі емес. Қазақстандық жоғары оқу орындарының оқу дискурсында **екі мега-тіл** – қазақ және орыс тілі басым, бірақ осы тілдердің әрқайсысының билингвизм аясында меңгеру деңгейі әртүрлі [10, 130].

Бүгінгі таңда студенттер қазақстандық білім беру кеңістігіне **жаңа түрдегі тілдік тұлғаны**, жаңартылып жатқан оқу дискурсында «өсіп келе жатқан» – жаңа, еуразиялық тілдік сананы тасымалдаушы, оның әлеуметтік және тілдік мінез-құлқын өзі білетін тілдік қоғамдастықтардың мәдениетімен детерминацияланған жаппай түрдегі еуразиялық тілдік тұлға болып табылады.

Біздің зерттеулерімізге сәйкес, бүгінгі жағдай бойынша, көпшілік түрдегі тілдік тұлға Қазақстандағы оқу дискурсының негізгі тілі ретінде қазақ және орыс тілдерін меңгеру белгісі бойынша екі топқа бөлінеді [11, 200].

Бірінші топқа біз тіл қызметінің барлық түрлерінде қазақ тілін меңгерген, екінші тілде – орыс тілінде белгілі бір коммуникативтік қабілеттері бар тілдік тұлғаны жатқызамыз.

Екінші топқа біз орыс тілінде ауызша және жазбаша түрде коммуникативтік қабілеттері бар, сонымен қатар қазақ тілінде шектеулі тақырып пен жанрлардың жеке мәтіндерін қабылдауға және жасауға қабілетті тілдік тұлғаны жатқызамыз.

Ағылшын тілінде екі топ жалпы типтегі тілдік тұлғаны Мектеп-ЖОО бағдарламасы шеңберінде меңгерген, яғни оқу және кәсіби қызметте ағылшын тілін өз бетінше пайдалану үшін сөйлеу шеберлігі жеткіліксіз деңгейде қалыптасқандар қолданады.

Еуразиялық кеңістіктің заманауи маманы, XXI ғасырдың жоғары білікті кәсіпқойы – бұл жаппай түрдегі тілдік тұлға, өйткені жаһандану және интеграция дәуіріндегі халықаралық қатынастардың көптүрлілігі, ақпараттық технологияларды кәсіби қызметте пайдалану әлемдік қауымдастықты мамандарды даярлау деңгейін үнемі арттыру қажеттілігінің алдына барынша жоғары деңгейдегі талаптар қояды. Бұл жағдайда дамудың осындай деңгейінің тілдік тұлғасын қалыптастыру стратегиялық мәнге ие болады. Келешекте қазақстандық қоғамда дәл осындай жаппай типтегі тілдік тұлға көптеген және кәсіби салада сұранысқа ие болады, бұл оның жеке әл-ауқатының артуына да ықпал ететін болады [12, 85].

Тілдік жағдайды есепке ала отырып, Қазақстан оқу дискурсының полилингвоменталдық кеңістігіндегі жаңа түрдегі *Еуразиялық тілдік тұлғаға* тән ерекшеліктердің бірі – бұл көптілділік, яғни кем дегенде төрт тілді – ана, қазақ, орыс, ағылшын, сондай-ақ басқа да шет тілдерін және Қазақстан халықтарының тілдерін белсенді меңгеру. Қазақстанның оқу дискурсында студент қандай да бір дәрежеде меңгерген тіл иерархиясында әрбір тіл идеалды түрдегі Еуразиялық тілдік тұлғаны қалыптастыруда ерекше орын алады. Осыған байланысты біз жоғарыда аталған тілдердің әрқайсысының оқу дискурсындағы мәртебесін дұрыс сипаттауымыз қажет.

Идеалды түрдегі Еуразиялық тілдік тұлға – бұл жоғары білімді, зияткерлік тұлға, ол ауызша және жазбаша түрдегі мәтіндерді ана тілінде, мемлекеттік тілде, ұлтаралық қатынас тілінде және шет тілінде / тілде жасауға және қабылдауға дайын. Сонымен қатар әрбір келесі шетел тілі осы тілдік тұлғаның Еуразиялық, ашық және толерантты сипатын одан әрі айқындайды. Идеалды түрдегі тілдік тұлға – бұл жаңа, еуразиялық тілдік сана иесі. Идеалды түрдегі Еуразиялық тілдік тұлға тілді меңгерген этностардың коммуникативтік мәдениетіне да ие. Еуразиялық тілдік тұлға ұлттық емес, ол өз ұлтының, титулдық ұлттың, сондай-ақ орыс ұлтының, яғни интернационалдық ерекшеліктерін біріктіреді.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі жаһандандыру заманы тілдерді білуді талап етеді. Еуропада көптілділік қалыпты нормаға айналған, біз де осы қатардан міндетті түрде табылуға тиіспіз.

Қорыта айтқанда, «көптілділік» ұғымын «полимәдениеттіліктің» негізгі факторы ретінде қарастырып, полимәдениетті тұлға қалыптастырудың іргетасы болып табылатынын айқындау, «модернизациялану», «жаһандану» үдерістерін қабылдаудың бірден-бір құралы болып

табылатын «көптілділіктің» ғылыми тұрғыда маңызын анықтау әлі де болса терең зерттеуді талап етеді.

Әдебиеттер:

1. Манкеева Ж.А. «Тілдік тұлға» мәселелерін зерттеу // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Арыс, 2010. – Б. 280-290.
2. Халеева И.И. О гендерных подходах к теории обучения языкам и культурам. – М., 2000. – 250 с.
3. Хасанов Б. Мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы және тілдік орта. – Астана, 2008. – 264 б.
4. Кочеткова Т.В. Языковая личность носителя элитарной речевой культуры: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Саратов, 1999. – 54 с.
5. Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – Алма-Ата: Демеу, 1992. – 129 с.
6. Жетписбаева Б.А., Шункеева С.А. Современная языковая ситуация в условиях казахстанского полиязычия // Язык и литература в социокультурном пространстве: Международный сборник научных трудов. – Szombathely, Венгрия: Savaria University Press, 2016. – С.12-17.
7. Евразийская языковая личность массового типа в современном учебном дискурсе казахстана // Междисциплинарные исследования: сборник статей по материалам XXIX международной студенческой научно-практической конференции. № 18(29). URL: [https://sibac.info/archive/meghdis/18\(29\).pdf](https://sibac.info/archive/meghdis/18(29).pdf)
8. Жумагулова Е.В. Учебный дискурс Казахстана вчера и сегодня // Вестник Кокшетауского государственного университета им. Ш.Уалиханова. – 2016. – №4. – С.67-71.
9. Жумагулова Н.С. К вопросу о Евразийской языковой личности идеального типа в учебном дискурсе Казахстана // Вестник Карагандинского университета. Серия филология. – 2010. – №2(58). – С.4-9.
10. Шайбакова Д.Д. Функционирование русского языка в Казахстане: вчера, сегодня, завтра. – Алматы: КазУМО и МЯ им. Абылай хана, 2005. – 250 с.
11. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Аканова Д.Х. Языки народов Казахстана: Социолингвистический справочник. – Астана: Арман – ПВ, 2007. – 304 с.
12. Шаймерденова Н.Ж. Русский язык как фактор интеграции в деловом и культурном сотрудничестве представителей диаспор Казахстана // Русский язык как язык межкультурного и делового сотрудничества в полилингвальном контексте Евразии: Материалы II междунар. конгресса. – Астана, ИД Сарыарка, 2009. – С. 80-93.

Гилёва Ю.А., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, филологический факультет, гр. РО-11, студент
(Научный руководитель – м.п.н., старший преподаватель Назарова М.Г.)

**«ВЕЛИКИЕ ЛЮДИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ»
(ЕВНЕЙ АРЫСТАНОВИЧ БУКЕТОВ).**

«У поэтов и ученых в сущности одна задача – поиски красоты, совершенства. Ведь самое доброе и полезное на земле создается по законам красоты»
Е.А.Букетов.

Всем известно, что Казахстан знаменит не только богатыми полезными ископаемыми, но и великими людьми, внесшими огромный вклад в развитие науки и культуры. Одним из них является Евней Арстанович Букетов. Он известен миру как талантливый организатор науки и высшего образования в Казахстане, писатель и переводчик. Наш университет гордо носит его имя, начиная с 1991 года, и наши студенты не подводят этого великого человека.

Как гласит биография Евнея Арстановича Букетова, он родился в тяжелые для государства и всего народа годы, но это не помешало ему получить образование и стать великим человеком. Отец Евнея – Арыстан жил со своей семьей в ауле Баганаты, Шалкынского района (бывший